

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КММ



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне арналған үздік ғылыми жоба облыстық конкурсын өткізетіндігі туралы хабарлайды.

**Конкурстың негізгі мақсаты** - бейбітшілік және келісім идеяларын жинақтауға бағытталған ғылыми зерттеулерді дайындау контекстінде ғалымдар, сарапшылар, докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау болып табылады.

### Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін зерттеуге және ілгерілетуге ғылыми қауымдастықтарды тарту;

- қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясат саласында талантты жас ғалымдарға және сарапшыларға қолдау көрсету;

- қоғамдық келісім мен қазақстандық бірегейлікті нығайту мақсатында оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми әзірлемелерді жариялауға ықпал ету.

### Конкурс бағыттары:

• Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдық мерейтойы: жетістіктер, тәжірибе және сын-тегеуріндер;

• Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамалары контекстіндегі бейбітшілік пен келісім идеясы;

• Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық бірлік пен келісімді нығайту және дамыту институты ретінде;

- Қазақ зиялыларының ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруға қосқан үлесі;
- Ядролық қарусыз әлемге жол. Экологиялық қауіпсіздік және «Таза табиғат» әлеуметтік бастамасы.

Конкурсқа Қарағанды облысының 35 жасқа дейінгі жас ғалымдары, докторанттар және магистранттар, ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерлерімен қоғам қайраткерлері қатыса алады. Әрбір ізденуші бір бағыт бойынша ғана өтінім бере алады.

Қорытынды жұмыстардың нәтижесінде іріктелген жобалардың ішіндегі ең үздік үш жоба республикалық байқауға жолданады.

Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі. Үздік жұмыстар дипломдармен марапатталады.

Конкурсқа қатысу өтінімі **2021 жылдың 01 шілдесіне** дейін кешіктірілмей **kelisimank@gmail.com** поштасына жіберілуі тиіс.

Жұмыстың баспа нұсқасы - Шахтерлер даңғылы, 64, Достық үйі, 104 кабинетінде қабылданады. Байланыс телефондары: 8 (7212) 900-329, 8 (7212) 900-309, 8 778 009 24 45, 8 701 479 96 49, 8 708 856 55 36.

Конкурсты қорытындылау **2021 жылдың тамыз айында** Достық үйінде жеңімпаздар деп танылған ғылыми жобалар тұсаукесер тұрпатында өткізіледі. Күні мен уақыты қосымша хабарланады.

Толыққанды ақпарат алу үшін конкурс Ережесімен танысып шығуларыңызды өтінеміз.

**Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың  
қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісіне  
арналған үздік ғылыми жоба облыстық конкурсы**

**Тіркелу нысаны**

Ғылыми жұмыс авторы (бірлескен авторы)	Т. А. Ә (толығымен): _____ Ғылыми дәрежесі: _____ Жұмыс орны: _____ Лауазымы: _____ Байланыс телефондары: _____ E-mail: _____ Облыс (қала, аудан): _____
Жоба тақырыбы	
Жұмыстың аңдатпасы (бос орындармен бірге 1200 белгіден артық емес).	
Ғылыми нәтижелерін қолдану облысы	
Кілт сөздер	
Өтінімді тапсыру мерзім	
Автордың қолы	